

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің  
шешімімен  
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН**

**2026 жылғы 1 сәуірдегі № 1 хаттама**

**Бизнес пен білім беру процесін интеграциялау үшін өңірлік білім беру-  
өндірістік кластерін құруға әдістемелік ұсынымдар**

**Кіріспе**

Осы бизнес пен білім беру процесін интеграциялау үшін өңірлік білім беру-өндірістік кластерлер құру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы «06» қаңтардағы №6, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы «06» қаңтардағы №3, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы «06» қаңтардағы №4 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жол картасына» (бұдан әрі – Жол картасы) сәйкес әзірленді.

Жол картасының 11 - қадамында бизнес пен білім беру процесін интеграциялау үшін өңірлік білім беру-өндірістік кластерлер (бұдан әрі - Кластер) құру көзделген.

**1. Жалпы ережелер**

**1.1. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты мен қолданылу саласы**

Бизнесті білім беру үдерісімен интеграциялау үшін өңірлік білім беру-өндірістік кластер құру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бұдан әрі – ТЖКБ), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (бұдан әрі – ЖЖОКБ) ұйымдарының, кәсіпорындар мен компаниялардың, жұмыс берушілердің салалық қауымдастықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми-практикалық қоғамдастықтың және өзге де әлеуметтік әріптестердің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, экономика салалары үшін білікті кадрлар мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бірлескен қызметін интеграциялау үдерістерін ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты білім беру үдерісіне қатысушыларға және әлеуметтік әріптестерге өңірлік білім беру-өндірістік кластерді құру барысында практикалық, ұйымдастырушылық және әдіснамалық қолдау көрсету болып табылады.

Кластер заңды тұлға болып табылмайды және өз қызметін қатысушылар арасында жасалатын ынтымақтастық туралы шарттар, келісімдер мен меморандумдар негізінде жүзеге асырады.

Кластер қызметін ұйымдастыру білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мектеп, ТЖКБ, ЖЖОКБ ұйымдары және кәсіпорындар арасындағы сабақтастық пен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге негізделеді. Бұл ретте білім беру мазмұны өндірістік сектор талаптарымен жүйелі түрде үйлестіріледі. Кәсіптік бағдар беру жұмыстары мектеп деңгейінен бастап кешенді түрде ұйымдастырылып, білім алушыларға еңбек нарығының қазіргі және перспективалық талаптары туралы ақпарат беру, кәсіби бағыт-бағдарын қалыптастыру және саналы мамандық таңдауға қолдау көрсету жүзеге асырылады.

Оқу үдерісінде білім беру бағдарламалары өндіріс технологияларымен, жабдықтарымен және салалық стандарттармен интеграцияланып, практикаға бағдарланған тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасында тұрақты әлеуметтік әріптестік орнатылып, түлектерді жұмысқа орналастыру және кадрлардың біліктілігін арттыру шаралары жүзеге асырылады.

Кластер мақсатын іске асыру жұмыс берушілердің өзекті талаптарына сай кадрлар даярлау сапасын арттыруға және білім беру ұйымдары мен кәсіпорындардың, оның ішінде шетелдік әріптестердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тиімді алаң құруға бағытталады.

## **1.2. Нормативтік-құқықтық негіз**

Әдістемелік ұсынымдар төмендегі нормативтік - құқықтық актілердің негізгі ережелері мен талаптарына сәйкес әзірленді:

**- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:**

6-тарау. Білім беру қызметінің субъектілері

*45-1-бап. Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік.*

*1.Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу арқылы нығайтуға, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін тартуға бағдарланған.*

**2.Кәсіптік білім беру саласындағы әріптестердің өзара іс-қимылдарының негізгі бағыттары:**

*1) жұмыс берушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;*

*2) кәсіпорындардың (ұйымдардың) технологиялық базасын пайдалана және тәлімгер бекітіп беріле отырып, білім алушылардың кәсіптік практикасын, арнайы пәндер бойынша оқытушылардың және мамандардың тағылымдамаларын ұйымдастыру;*

*2-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін кәсіпорындардың (ұйымдардың) жұмыс орындарын ұсынуына жәрдемдесу;*

*3) кадрлар даярлау және оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мәселелері бойынша тараптардың өзара іс-қимылдарын дамыту;*

*4) экономиканың тиісті салаларында кәсіптік қызмет тәжірибесі бар мамандарды оқыту процесіне тарту;*

*5) кәсіптік білім беру сапасын бақылауды ұйымдастыруға қатысу;*

б) жұмыс берушілердің қаржылай қаражатын білім беру ұйымдарын дамытуға тарту болып табылады.

**- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.**

3-бағыт. Техникалық және кәсіптік білім беру – жұмысшы кадрларды даярлайтын негізгі буын.

*Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ кәсіпорындардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар аумақтық кластерлерді, оның ішінде білім беру-өндірістік кластерлерді дамытуды жалғастыратын болады.*

**- Жол картасының 11-қадамы. Өңірлік білім беру-өндірістік кластерлер құру.**

*Концепт: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдардың, салалық қауымдастықтардың және өңірлер бойынша басқа да дереккөздердің негізінде кадрлар даярлау қажеттілігіне талдау жүргізу; өңірлерде жергілікті еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын және экономиканы дамытатын білікті кадрларды даярлауға ықпал ететін кәсіптік білім берудің көп деңгейлі жүйесін құру үшін мектеп – колледж – кәсіпорын – ЖЖОКБҰ тиімді өзара әрекетін қамтамасыз ету.*

## **2. Кластердің мақсат-міндеттері мен негізгі компоненттері.**

Кластер мектеп, ТЖКБ, ЖЖОКБ, ғылыми-зерттеу ұйымдарын, өндірістік кәсіпорындарды және мемлекеттік органдарды біріктіретін интеграцияланған жүйе.

### **2.1. Кластердің мақсаты**

Кластердің мақсаты – өңірлік еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін (мектеп, ТЖКБ, ЖЖОКБ) және кәсіпорындарды интеграциялау арқылы кадрларды даярлаудың үздіксіз моделін қалыптастыру, мектеп деңгейінен ерте кәсіптік бағдар беру жұмысын тиімді ұйымдастыру негізінде білім алушылардың практикалық құзыреттерін дамыту, дуальды және өндірістік оқытуды кеңейту, цифрлық және инновациялық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын қолдану, қолданбалы зерттеулерді дамыту, сондай-ақ еңбек нарығына бейімделген білікті кадрларды даярлау мен түлектерді жұмыспен қамтудың орнықты тетіктерін қалыптастыру.

### **2.2. Кластердің негізгі міндеттері**

Кластердің негізгі міндеттері:

- бизнес, білім беру және ғылымның синергиясын қамтамасыз ететін, экономика салалары үшін білікті кадрлар мен мамандар даярлаудың өңірлік бірыңғай жүйесін қалыптастыруға бағытталған орнықты алаң құру;

- ТЖКБ ұйымдары мен сала кәсіпорындарының қызметін үйлестіру, оның ішінде білім беру бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдарын және цифрлық білім беру ресурстарын жаңарту, өзектендіру және әзірлеу арқылы білім беру процесін жетілдіру;

- Кластерге қатысушы кәсіпорындардың өтінімдері бойынша дуальды оқыту жүйесін және мамандарды мақсатты даярлауды дамыту;
- Кластерге қатысушы білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және олардың кәсіпорындардағы кәсіби бейімделуін сүйемелдеу;
- өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы кәсіптік бағдар беру жұмысын, сондай-ақ кәсіпорындар үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- ең озық әлемдік тәжірибелер мен білім беру стандарттарын енгізу мақсатында жаһандық білім беру кеңістігіне кірігуге жағдай жасау;
- академиялық ұтқырлықты, ғылыми-зерттеу және инновациялық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту.

### **2.3. Кластердің негізгі компоненттері:**

Өндірістік кәсіпорындар:

- білім мен технологияны қолдана отырып, өнімдер мен қызметтерді сататын компаниялар;
- жоғары технологиялар саласында жұмыс істейтін стартаптар мен шағын кәсіпорындар.

Ғылыми-зерттеу ұйымдары:

- ғылыми зерттеулер мен әзірлемелермен айналысатын институттар және зертханалар;
- жаңа технологиялар мен идеяларды енгізуге ықпал ететін инновациялық орталықтар.

Білім беру мекемелері:

- мектептер, ТЖКБ, ЖЖОКБ ұйымдары;
- қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар.

### **3. Кластерлік тәсіл және оны іске асыру қағидаттары**

Кластерлік тәсіл өңірдің инновациялық белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында білім беру, ғылыми және өндірістік құрылымдарды біріктіруді көздейді. Бұл тәсіл кластер қатысушылары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды және синергетикалық әсерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Кластерлік тәсілдің негізгі қағидаттары:

- кластердің барлық элементтерінің (білім беру, өндіріс, ғылым, жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО)) өзара байланысы және өзара тәуелділігі;
- өңірдің кадрларға қажеттіліктері мен ресурстық әлеуетін жүйелі талдау;
- әлеуметтік әріптестікті дамыту және нығайту;
- дуальды оқыту, тағылымдамалар және тәжірибеге бағытталған білім беру бағдарламаларын енгізу;
- білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкес жүйелі түрде жаңарту;

- кадрларды даярлауды өңір экономикасының басым салаларының сұранысына бағдарлау;
- жаңа технологияларды жедел енгізу үшін кластерлік модельді пайдалану;
- ғылыми-зерттеу және инжинирингтік орталықтарды дамыту;
- кластердің экономикадағы және технологиядағы өзгерістерге икемді бейімделуі.

#### **4. Кластерді құру алгоритмі**

Бұл алгоритм білім беру мекемелері, кәсіпорындар, мемлекеттік органдар және басқа ұйымдар арасындағы тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**1.Мақсаттарды айқындау:** өңірдің еңбек нарығы мен экономиканың басым салаларын ескере отырып, кластердің негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындау. Мысалы, кадрлар даярлау, инновациялық жобаларды іске асыру, ғылыми - зерттеулерді дамыту және т.б.

**2.Қатысушыларды таңдау:** бизнес пен ТЖКБ жүйесі арасындағы диалогты күшейту мақсатында кластер жұмысына қатысатын білім беру мекемелерін, кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу институттарын, мемлекеттік органдарды және өзге де мүдделі тараптарды, атап айтқанда салалық қауымдастықтарды, өңірлік кәсіпкерлер палаталарын, кәсіподақтарды, халықаралық әріптестерді, жұмыспен қамту орталықтары мен мансап (карьер) орталықтарын айқындау.

**3.Қажеттіліктерді талдау:** жергілікті атқарушы органдардан, кәсіпорындардан және жұмыспен қамту орталықтарынан алынған деректерді пайдалана отырып, өңірлік еңбек нарығы мен білім беру саласының қажеттіліктеріне жыл сайын мониторинг жүргізу және талдау. Бұл жұмыс берушілер мен білім алушылардың сұраныстарына сай келетін білім беру саласының негізгі даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

**4.Кәсіпорындармен серіктестік:** мамандарға қойылатын өзекті талаптарды айқындау және тиісті білім беру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында әлеуметтік әріптестермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау, бұл үшін тұрақты өзара әрекеттестікке арналған платформа (мысалы, жұмыс берушілердің сұраныстары мен ТЖКБ ұйымдарының ұсыныстарын үйлестіруге арналған колледждің онлайн-порталы) құру.

**5.Оқытушылардың кадрлық әлеуетін дамыту:** педагогтердің заманауи стандарттар мен технологиялар (мысалы, оқытуда VR/AR қолдану) бойынша тиімді білім беру дағдыларын меңгеруі мақсатында біліктілікті арттыру бағдарламаларын, міндетті тәжірибеден өтуді және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

**6.Білім алушылардың өзін-өзі дамытуын ынталандыру:** студенттер мен білім алушылардың өзін-өзі дамытуға және бүкіл кәсіби мансабы бойы үздіксіз білім алуға ұмтылысын ынталандыру үшін қолдау және ынталандыру жүйесін құру (өңірлік гранттар, атаулы стипендиялар, өңірде кепілді жұмыспен қамту). Кәсіпорын қызметкерлерінің қатысуымен менторлық бағдарламаларды енгізу.

**7.Білім беру бағдарламаларын үнемі жаңарту:** еңбек нарығының өзгермелі талаптарына және білім беру саласындағы инновациялық үрдістерге сәйкес білім беру бағдарламаларын үнемі бейімдеп отыру.

**8.Желілік өзара іс-қимылды дамыту:** ресурстармен, тәжірибемен және озық практикалармен алмасу мақсатында білім беру мекемелері, кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, соның ішінде халықаралық серіктестер арасында әріптестік байланыстардың аясын кеңейту. Ресурстар мен жобалармен алмасуға арналған өңірлік деректер базасын құру.

**9.Инновациялық жобалар:** кластер қатысушыларының бірлесіп жүзеге асыратын инновациялық жобаларын әзірлеу және іске асыру, оның ішінде зерттеулер, стартаптар мен студенттер мен оқытушыларға арналған инновациялық өнімдер жасау. Бұл жобаларға бизнес тарапынан қолдау көрсету.

**10.Мониторинг және бағалау:** кластердің тиімділігін бағалау мақсатында қатысушылардың қызметін, білім беру бағдарламаларын және еңбек нарығындағы сұранысты қамтитын мониторинг жүйесін енгізу.

**11.Тұрақты даму:** кластердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, қатысушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және білім беру жүйесінің өзгеруіне бейімделу.

**12.Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету:** қаражатты жинақтау үшін кластерді дамыту қорын құру.

#### **Ықтимал тәуекелдер және оларды азайту шаралары**

<b>Тәуекелдер</b>	<b>Азайту шаралары</b>
Қаржыландырудың жетіспеушілігі	Халықаралық гранттар мен жеке инвестицияларды тарту.
Бизнес тарапынан қызығушылықтың төмендігі	Ақпараттық компанияларды жүргізу және салықтық жеңілдіктер беру.
Ескірген материалдық-техникалық база	Кезең-кезеңімен жаңғырту, соның ішінде кәсіпорындардың қаражатын тарту арқылы.
Педагогтердің біліктілігінің жеткіліксіздігі	Педагогтер мен әкімшілікке арналған тренингтер мен семинарлар өткізу.

#### **5. Кластер қызметін ұйымдастыру және үйлестіру**

Кластерді құрудың бастамашылары мен ұйымдастырушылары өңірде кадрлар даярлау жүйесін еңбек нарығының және өнеркәсіптің қажеттіліктерімен үйлестіруге мүдделі негізгі тараптар болып табылады.

Кластерді құру бастамасы өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, тиісті ресурстар мен ұйымдастырушылық әлеуетке ие бір немесе бірнеше тараптан шығуы мүмкін.

Олардың қатарында ЖАО (әкімдік) немесе кластер құру идеясын көтеріп, жұмыс тобының құрылуын ұйымдастыратын ТЖКБ ұйымдары болуы мүмкін.

Әрі қарай бастамашы:

- ықтимал серіктестермен (кәсіпорындар, жоғарғы оқу орындары, колледждер, мектептер) кездесулер өткізеді;

- кластер тұжырымдамасын және төлқұжат жобасын әзірлейді;

- статус алу және қолдау көрсету үшін құжаттарды өңірлік үйлестіру кеңесіне тапсырады.

Кластерді басқару органы – бұл бір өңір аясында білім беру ұйымдары, өндірістік кәсіпорындар, ғылыми мекемелер және мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекетті тиімді үйлестіру, жоспарлау және дамытуға жауапты құрылым.

Кластердің жұмысын үйлестіру, стратегияны әзірлеу, іс-қимыл жоспарының орындалуын бақылау, қаржыландыруды тарту, мүдделер қақтығысын шешу үшін білім беру ұйымының, кәсіпорындардың, ЖАО және басқа да мүдделі тараптардың өкілдері кіретін Үйлестіру кеңесін құру ұсынылады.

#### **Үйлестіру кеңесінің негізгі функциялары мен міндеттері:**

- кеңес стратегиялық бағыттарды, инновациялық және инвестициялық саясатты, сондай-ақ кластердің баға саясатын бекітеді;

- білім беру мекемелерін, ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындарды қоса алғанда, экономиканы мемлекеттік реттеу органдары мен кластерге қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыруды қамтамасыз етеді;

- кластерге қатысушылардың бірлескен қызметінің жобалары мен бағдарламаларының әзірленуін, іске асырылуын және орындалуын бақылауды үйлестіреді;

- сыртқы инвесторларды тартуға және кластердің қаржылық инфрақұрылымын қалыптастыруға жәрдемдеседі;

- кластер шеңберінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға қолдау көрсетеді;

- кластер қызметінде нарықтық зерттеулерді, жарнаманы және ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

#### **Үйлестіру кеңесінің құрылымы мен құрамы:**

Үйлестіру кеңесі кластердің негізгі қатысушыларының өкілдерінен құрылады, соның ішінде:

- білім беру және ғылыми ұйымдардың басшылары;

- кәсіпорындар мен өндірістік мекемелердің өкілдері;

- мемлекеттік ЖАО өкілдері;

- экономика, құқық және басқа да сабақтас салалардағы сарапшылар мен консультанттар;

Кеңес кластер шеңберінде нақты жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру үшін жұмысшы топтарын құра алады.

#### **6. Өңірлік білім беру-өндірістік кластердің паспорты**

Өңірлік білім беру-өндірістік кластердің паспорты кластердің мақсаттарын, міндеттерін, қатысушыларын, қызмет бағыттарын, басқару тетіктерін және күтілетін нәтижелерін айқындайтын негізгі стратегиялық құжат болып табылады.

Кластер паспорты төмендегі бөлімдерді қамтиды:

№	Бөлім атауы	Мазмұны
1.	Кластердің атауы	Аймақтық және салалық ерекшеліктерді көрсететін кластердің толық атауы
2.	Құрылтайшылар мен қатысушылар	Кластерге қатысушы ұйымдардың (ТЖКБ ұйымдары, кәсіпорындар, ғылыми ұйымдар, мемлекеттік органдар) олардың рөлдері мен міндеттемелерін көрсете отырып, толық тізбесі.
3.	Құқықтық мәртебесі	Кластердің құқықтық мәртебесі және құқықтық негіздері (білім беру-өндірістік кластерлерді құру жөніндегі бұйрық).
4.	Географиялық орналасуы	Кластер орналасқан жердің аумағы мен географиялық шекаралары (логистика мен инфрақұрылымның қолжетімділігін ескере отырып, кластер аумағының сипаттамасын қоса алғанда)
5.	Даму стратегиясы мен мақсаттары	Кластерді дамыту стратегиясы, мақсаттары мен міндеттері. (қысқа мерзімді (1-3 жыл) және ұзақ мерзімді (5-10 жыл) мақсаттар, соның ішінде сандық көрсеткіштер (мысалы, дайындалған мамандардың саны, енгізілген инновациялар).
6.	Мамандану бағыттары	Кластердің негізгі мамандану бағыттары (мысалы, инженерия және инженерлік іс, білім беру, қызмет көрсету саласы, ауыл шаруашылығы, сәулет және құрылыс және т.б.) ТЖКБ мамандықтары классификаторының негізінде.
7.	Іс-қимыл жоспары	Мерзімдерін, жауапты тараптарын және күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, кластерді дамытуға бағытталған іс-шаралардың толық жоспары
8.	Инновациялық және технологиялық әлеует	Кластерде қолданылатын жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдер (цифрлық платформалар мен зертханаларға қол жеткізуді қоса алғанда, технологиялар, жабдықтар және инновациялық шешімдер тізбесі)
9.	Қаржыландыру көздері	Кластерді дамыту үшін қажет қаржыландыру моделі, қаржылық ресурстар және олардың көздері (мемлекеттік субсидиялар, бизнестің инвестициялары, гранттар және халықаралық бағдарламалар).
10	Инфрақұрылым және ресурстар	Материалдық-техникалық базаның сипаттамасы (зертханалар, оқу аудиториялары, өндірістік қуаттар)
11	Мониторинг және бағалау тетіктері	Оқушылардың саны, тауарлар мен қызметтердің көлемі, студенттер мен жұмыс берушілердің қанағаттануы сияқты негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI).

Өңірдің ішкі ресурстарын тиімді пайдалана отырып, білім беру-өндірістік кластер келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған икемді өңірлік бағдарламалардың енгізілуі;
- «Мектеп – колледж – кәсіпорын – ЖОО» білім беру сабақтастығы негізінде ерте кәсіби бағдарлау және диагностикалау жүйесінің қалыптасуы;
- еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша мақсатты кадрлар даярлау үлесінің артуы;
- 9-сыныптан кейін білім алушыларды колледждердің бейіндік сыныптарына бағыттау арқылы жалпы білім беретін мектептердегі оқушы жүктемесінің азаюы;
- жастар арасында техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығының артуы, колледждерге түсушілер контингентінің ұлғаюы;
- инновациялық өндірістік технологияларды меңгерген, заманауи жабдықтарда жұмыс істей алатын білікті мамандардың даярлануы;
- еңбек нарығы мен бизнестің жаңа форматтағы мамандарға деген сұранысының қамтамасыз етілуі және жұмыс берушілердің кадрлар даярлау сапасына оң бағасының артуы.

#### **Қорытынды ережелер**

Кластерлерді құру өңірдің кадрлық әлеуетін дамытуға, техникалық және кәсіптік білім берудің тартымдылығын арттыруға және еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Осы әдістемелік ұсынымдар кластерлерді құру және дамыту кезінде практикалық құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.